

Пәннің аты: БАҚ-дағы халықаралық ақпараттың берілу ерекшелігі. 3-курс.
Лектор: аға оқытушы Шаймаран Мұрат

№2 дәріс

Бостандық, ақиқат, жауапкершілік ұғымдарының сөз бостандығындағы орны.

Бостандық деген сөз әр түрлі мағынаны білдіреді. Күнделікті тұрмыста – «өз еркімен жүріп-тұру», «ешбір кедергінің болмауы», «мәжбүрлеуден тыс», «бейтараптық» деген мағынаны білдірсе, қоғамдық өмірде – «қысымнан ада болу», «қуғын сүргінге ұшырамау», «қандай бір бақылаудан, шектеуден аулақ» дегенмен мазмұндас. Олай болсағ саяси ғылымында оны «жеке көзқарасты ашық білдіру мүмкіндігі», «қандай бір мәселені алаңсыз шеше алатын біліктілік пен қабілеттілікті игеру» деген мағынада қолданады. Түйіндеп айтқанда осы ұғымның ең негізгі мазмұны – жеке бастың және ішкі-сыртқы, психологиялық, тілдік, білімдік жағынан қандай бір қысымға ұшырамау дегенде келіп саяды. Яғни жеке адамның өз іс әрекетін еркін жүргізуіне ешқандай бөгеттің, қиындықтың болмауы, осындай жағдайда өмір сүру, тіршілік ету.

Жауапкершілік

Журналист өз тұжырымдамасының, позициясының объективтілігіне өзінің де, өзгенің де көзін жеткізу үшін қоғамдық өмір, оның заңдылықтарын терең білетін, таным деңгейі биік болуға тиіс. Оның сыртында өз идеясының өмірде жүзеге асу жолдарына, нақтылығына сенімді және нәтиже үшін жауапкершілікті мойнына ала біледі. Тоталитарлық қоғамда мұндай жауапкершілік бір идеология мен модельді ұстануға міндетті. Олар шығармашылық жұмысқа мүлдем тиым салмағанымен оның бостандығын мейлінше шектеп, мәжбүрлеу бағытын қатаң ұстанады.

Брюссельдегі Халықаралық Журналистер Одағы «Егер журналистер жемқорлық, кедейшілік, қорқыныш пен үрей жайлаған жағдайда болса, онда ол жерле баспасөз бостандығы жоқ» - деп мәлімдейді.